


Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министірлігі

Қазақ ұлттық аграрлық университеті



Тауар айналысының уақыт және жылдамдық көрсеткіштері



Тауар айналысы - тауарларды ақшаның көмегімен айырбастау нысаны. Ақшаның көмегімен айырбастау әрекеті екі құрамдас бөлікке бөлінеді: тауарды ақшаға сатады және кейіннен осы ақшаға жаңа тауар сатып алады.



Тауар айналымы

белгілі бір уақыт кезеңінде акшалай түрде сатылған және сатып алынған тауар көлемі, яғни өндіріс құрал-жабдығы мен тұтыну заттарын өткізудің (сатудың) жиынтық құнын бейнелейтін экономикалық көрсеткіш; айналыс аясындағы тауар қозғалысы, тауардың өндірушіден тұтынушыға ауысу үдерісі, яғни тауардың ақшаға айырбасталуымен және өндірістен тұтынуға өтуімен байланысты үдеріс. Ол көтерме сауда және бөлшек сауда айналымы түрінде болуы мүмкін.

Тауар айналымы транзиттік және қоймалық түрлеріне ажыратылады.

Транзиттік тауар айналымында көтерме сауда фирмасы тауарды жеткізушіден (өндірушіден) өз қоймасына апармай, тауар алушыға тікелей жөнелтіп, сатады. Қоймалық тауар айналымында көтерме сауда фирмасы тауарды өз қоймасына қабылдап, қоймалық өңдеуден өткізеді, қажет болған жағдайда тауарларды жиынтықтайды, сонан соң бөлшек саудаға жөнелтеді немесе өндірістік үдерістің кезекті сатысына жібереді

Тауар айналымының категориялары:

- 1) **жалпы** - тауар қозғалысы жолында өндірушіден тұтынушыға дейінгі барлық сатулардың шотын қайта қосқандағы сомалар;
- 2) **таза** - қайта қосылған шотты алмағанда (қоспағанда), жалпы тауар айналымы;
- 3) **көтерме** - тауардың ірі топтамасын өндірушілердің және сауда делдалдарының басқа делдалдарға керегін қайта сату үшін өндірістік, көпшілік тұтынушыларға сатуы;
- 4) **бөлшек** - кәсіпорындардың, жеке тұлғалардың халыққа түпкілікті тұтыну үшін т



БАРТЕР - бір тауардың екінші тауарға ақшасыз айырбасталуы

$$(T-T) = \text{ТАУАР} - \text{ТАУАР}$$

ТАУАР АЙНАЛЫМЫ - жанама түрде ақша мен тауар айырбасы

$$(T-A-T) = \text{ТАУАР} - \text{АҚША} - \text{ТАУАР}$$

Тауар-ақша қатынастары — маркстік саяси экономияның нарықтық қатынастар деген ұғымды білдіретін термині. Мұнда оқшауланған тауар өндірушілер бір-бірімен қоғамдық еңбек бөлінісі арқылы байланысқа түседі. Бұл қатынастар нарық, тауарларды сатып алу-сату, айырбастау арқылы көрініс табады. Нарықтық қатынастардың тауар белгісі — бір заңды немесе жеке тұлғаның тауар-ларын немесе көрсететін қызметтерін екінші бір заңды не-месе жеке тұлғалардың осы тектес тауарларын немесе көрсететін қызметтерінен ажыратуға мүмкіндік беретін таңба.

Тауар нарығы

- Тауар нарығы - сұраныс пен ұсыныстың ықпалдасуы арқылы тауар бағасы қалыптасатын және сатушылар мен сатып алушылар жалғастырылатын айырбас аясы, яғни өндіріс құрал-жабдығы немесе тұтыну тауарлары ұсынылатын нарық.

Тауардың арналуы (жеке бастың пайдалануына немесе қайта сатуына арналуы), ал статистика мақсаты үшін — есеп айырысу сипаты (қолма-қол есеп айырысу немесе қолма-қол ақшасыз есеп айырысу) заң жүзінде бөлшек сауданың басты белгісі болі.ш табылады, тауар — нарықтағы басты нысан екендігі белгілі. Оның құны және тұтынушылық құны (немесе құндылығы) бар, белгілі бір сапалық, техникалық деңгейі мен сенімділігі, тұтынушылар қалағандай пайдасы болады, өндірістегі және тұтытудағы тиімділігі көрсеткіштеріне, басқа да аса маңызды сипаттарға ие. Нақ сол тауардың өзінде экономикадағы нарықтық қатынастардың барлық ерекшеліктері мен қайшылықтары көрініс табады.

Тұтыну құны – тауардың пайдалылығы, адамның белгілі бір қажетін қанағаттандыру қасиеті. Ол тұтыну бұйымдары, не өндіріс құрал-жабдықтары ретінде адамдар қажетін өтейді. Тұтыну құнының ерекшеліктері:



Ақша тауар өндірісінің дамуындағы бірден – бір шарт және өнім болып табылады. Тауар – бұл сату немесе айырбастау үшін жасалынған еңбек өнімі

Ақшалар төлем
құралы ретінде



Ақша төлем
құралы

Қор жинау



Тауар
айырбасы




MyShared

Тауар стратегия – бұл тауар саясатының бір бағыты, нарықта неғұрлым табысты жұмыс істеуді қалау мен кәсіпорынның нәтижелі қызметін қамтамасыз етуімен байланысты тауар қатарын оптимизациялау бағытын өңдеу және тауар (қызмет) ассортиментін анықтау, негізгі мақсаты сатылымның белгілі бір көлеміне жету мен пайда табу.



1. Тұтыну құны негізінен сол заттардың табиғи қасиетімен байланысты. Мысалы, нан, май, ет, сүт, жеміс-жидектердің құрамында адам организміне қажетті витаминдер, қышқылдар, белоктар болады.
2. Тұтыну құны сол затты шығаруға жұмсалған еңбек мөлшерімен байланыссыз. Мысалы, 100 г нанды пісіруге жұмсалған еңбек пен 100 пар аяқ киімді тігуге жұмсалған еңбек мөлшері әр түрлі. Алайда олардың пайдалылығы бір-бірінен кем емес.
3. Тұтыну құны әр қоғамда да болып келеді. Бірақ өндіргіш күштердің дамуымен, өндірістік қатынастардың жетілуіне сай олардың атқаратын рөлі де өзгеріп отырады. Мысалы, адамның көлігі есебінде ертеде негізінен ат пен арба пайдаланылса, қазір машина, поезд, ұшақтар атқарып отыр. Заттардың пайдалылығы да қоғам дамуымен кеңейе береді. Мысалы, ағаш ертеден құрылыс материалы, отын есебінде пайдаланылса, бүгінде одан алынатын заттардың түрі де артып отыр.



ТАУАР НАРЫҒЫНЫҢ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ

- делдал фирмалар
- жәрмеңкелер, аукциондар
- көтерме сауда кәсіпорындары
- бөлшек сауда кәсіпорындары

ҚАРЖЫ НАРЫҒЫНЫҢ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ

- валюта және қор биржалары
- банктер
- сақтандыру компаниялары

ЕҢБЕК НАРЫҒЫНЫҢ ИНФРАҚҰРЫЛЫ

- еңбек биржасын
- еңбекпен қамту қызметі
- кадрларды даярлау